

**2023 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 37 қаулысы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 7), 8), 9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту: Кіріспенің орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тілінде мәтін өзгермейді - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін қаладағы мекемелер мен кәсіпорындар жұмыскерлерінің тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін.

Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Самар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Самар ауданында пробацация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4. "Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны жүзеге асыру бойынша басқа да шаралар қабылдансын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы әкімінің орынбасары К.С. Сурашевқа жүктелсін.

Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту: Қаулы 6-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Аудан әкімі

Р. Сейтканов

Шығыс Қазақстан облысы  
Самар ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "02" желтоқсандағы  
№ 37 қаулысына 1-қосымша

**2023 жылға арналған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе кәмелетке толғанға дейін қалған жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота мөлшері**

Реттік №	Ұйымның атауы	Жұмыс-керлерінің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыс-керлерінің тізімдік санынан пайыз)	Жұмыс орындар саны (бірліктері)
1	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Самар аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	62	1,6%	1

Шығыс Қазақстан облысы  
Самар ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "02" желтоқсандағы  
№ 37 қаулысына 2-қосымша

**2023 жылға арналған бас бостандығынан айыру мекемесінен босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері**

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Реттік №	Ұйымның атауы	Жұмыс- керлерінің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері ( жұмыс- керлерінің тізімдік санынан пайыз)	Жұмыс орындар саны (бірліктері)
1	"Мәмбет" Шаруа шаруашылығы	115	1,7%	2
2	"Дигам" ЖШС	107	1,0%	1
3	"ДСУ-14" ЖШС	76	4,0%	3

Шығыс Қазақстан облысы  
Самар ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "02" желтоқсандағы  
№ 37 қаулысына 3-қосымша

**2023 жылға арналған пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері**

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының әкімдігінің 21.02.2023 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Реттік №	Ұйымның атауы	Жұмыс- керлерінің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері ( жұмыс- керлерінің тізімдік санынан пайыз)	Жұмыс орындар саны (бірліктері)
1	"Мәмбет" Шаруа шаруашылығы	115	1,7%	2
2	"Дигам" ЖШС	118	1,0%	1
3	"ДСУ-14" ЖШС	76	3,0%	2